



Қаражар орта мектебі ММ ішкі еңбек тәртібі ережесі

(Еңбек тәртібінің ережесін бұзғандар жауапқа тартылады.)

I. Мектеп қызметкерлерінің негізгі міндеттері:

Мектеп жарғысында жүктелген ішкі тәртіптің ережелерін қатаң сақтауға тиісті.

- Мектеп ұжымында келісілген үлгі бойынша киім түрін киюге;
- Еңбек тәртібін сақтау үшін, уақытында жұмысқа келу, жұмыс мерзімінің ұзақтылығын сақтау, әкімшіліктің тапсырмасын нақты орындау.
- Жұмыс сапасын жақсарту және орындаушылық тәртіпті қатаң сақтау.
- Шығармашылық бастама көтеру, еңбекті жоғары жетістікке жетуге бағыттау.
- Жеке басының, мектептің абыройын түсірмеуге; мектеп құпиясын сақтауға
- Қаралған ережелермен нұсқауларға сәйкес техника қауіпсіздігін сақтау, еңбекті қорғау, өндірістік, санитарлық-гигиеналық жұмыстардың орындалуын, өртке қарсы ұйымдастырылатын шаралардың талаптарының орындалуын қатаң сақтауы қажет.
- Құжаттар мен материалдық құндылықтардың дұрыс сақталуына мән беру.
- Су мен электр энергиясын үнемдеп пайдалануға, оқушыларды мектеп мүлкін аялап қорғауға тәрбиелеуге.
- Нұсқауға сәйкес көрсетілген уақытта медициналық тексеруден өту әрбір қызметкердің міндеті.
- Мектептің педагогтары сабақты жүргізу кезінде және үзілісте балалардың денсаулығы мен өміріне тікелей жауап береді.
- Оқушы жаракат алған жағдайда тез арада әкімшілікке хабарлау қажет.
- Оқушы сабаққа кешіккен жағдайда мұғалім сынып жетекшісіне және кезекшіге /директордың орынбасарына/ ескерту қажет. Мұғалім кешіккен оқушыларды сабаққа кіргізбеуге құқы жоқ.
- Сабақ басталғанға дейін кабинеттердің есіктері ашық болуы тиіс.
- Журналды сабақтан соң мұғалімдер бөлмесіне әкеліп тапсыруын әр пән мұғалімі өз жауапкершілігіне алу тиіс.
- Педагог қызметкерлерге жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін оқушыларды алып қалуға төмендегі жағдайда ғана рұқсат етіледі:
 - Класс сағаттары мен жиналыс өткізілген уақытта.
 - Сыныптағы және мектептегі іс-шараларға дайындық жүргізген кезде.
 - Сыныпта және жалпы тазалық жұмыстарын жүргізгенде, кезекшілік уақытысында.
 - Сынақ және қосымша сабақтар жүргізілген жағдайда.
 - Басқа жағдайда әкімшіліктің келісімімен жүргізіледі.
- Өрт немесе басқа да табиғи апаттар кезінде мұғалімдер бекітілген эвакуациялық жоспар бойынша жұмыс жүргізіледі.
- Мемлекеттік стандарт нормасын пәндер бойынша орындауға;
- Сынып жетекшілік міндетін атқаруға;
- Ата-ана мен жұмысты жан-жақты дұрыс жүргізуге;
- Дәптерді, күнделікті өз уақытында тексеруге;
- Мектепте мектепшілік мұғалімдер кезекшілігін атқаруға;
- Оқу процесі кезінде мектепте оқушылардың өміріне, денсаулығына жауап беруге;
- Мектеп басшыларының бұйрығы мен нұсқауларын орындауға;
- Өз бетімен білімін жетілдіруге;
- Мектептің ішкі тәртіп ережесін қатаң сақтауға;
- Мектеп, ауыл, аудан, облыс көлемінде атқарылатын қоғамдық жұмыстар мен іс-шараларға қатысуға;

- Мектептен тыс жерде мектепке қатысты мектептің ішкі жағдайы туралы мәліметтерді жарияламауға ҚР «ЕТЗ» -26 бабы, 12 т.
- Мектеп ұжымының моральдық–психологиялық климатын дұрыс сақтауға;
- Қоңырау кезінде оқушылардың тәртібіне, денсаулығына жауап беруге;
- ҚР Үкіметінің саяси идеологиялық бағытын халыққа дұрыс насихаттауға;
- Мемлекеттік қызметкерлердің тәртібі мен әдебін /этикасын/ сақтауға;
- ҚР «Еңбек Кодексін» қатаң түрде сақтауға міндетті;
- Мемлекеттік тілде сөйлеуге және іс-құжаттарды жүргізуге;

II. Педагогтармен мен қызметкерлердің жұмыс уақыты және оны пайдалану.

1. Педагог қызметкерлердің оқу жүктемесін кәсіподақ ұйымымен келісе отырып, мектеп директоры белгілейді.
2. Арнайы қызметкерлердің жұмыс уақытының ұзақтығы кесте бойыша мектеп әкімшілігі мен кәсіподақ ұйымының келісімі бойынша орындалады. Хатшы мен мектептің ставкалық қызметкерінің жұмыс істеу уақыты сағат 9.00 -18.30 – ға дейін. Түскі үзіліс уақыты 12.30 – 14.00. Кітапханада, медбике психолог және логопед бөлмесінде олардың жұмыс кестесі көрсетіледі.
3. Мұғалімдер сабақ басталудан 15 минут ерте келеді. Олар кабинет тазалығын тексеріп, дайындық жұмыстарын жүргізеді. Сабақ аяқталғаннан кейін 10 минуттан кейін қайта алады. Мұғалімнің сынып оқушыларының барлығын үйлеріне жібереді, есікті бекітеді.
4. Мектеп әкімшілігі сабақ басталуға 20 минут қалғанда келу тиіс.
 - Мектепте педагогикалық қызметкерлердің жұмыс уақыты сағат 8.15-те басталады.
 - Оқушылардың кешігуіне немесе үзілістен кейін сыртта жүруіне жол берілмейді.
 - Мұғалім қоңырау соғылғаннан кейін сабақты бастауға тиіс.
 - Сабақ уақытында мұғалім кабинетте болмаса «жұмыс орнында жоқ» деп саналады.
 - Мұғалімдердің кезекшілік кестесі мектеп әкімшілігі қойған кесте бойынша бекітіледі.
 - Әкімшілік пен кәсіподақ бірігіп кезекші мұғалімдердің қызметтік міндеттерінің орындалуын қағалайды.
 - Мектептегі асхананың тазалығын, астың сапасын мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер және медбике бақылап, қадағалауы тиіс.
 - Сынып жетекшісі асханаға оқушыларды мезгілінде апаруға міндетті.
 - Директордың ТІЖ орынбасар мұғалімдердің асханадағы кезекшілік кестесін жасап, оның орындалуын қадағалауға тиіс.
 - Директордың ОІЖО мұғалімдер мен оқушыларға кестедегі ауыстырып оқыту /замен/ жөнінінде бір күн бұрын хабарлап айтуы тиіс.
 - Мұғалімдер үшін маусымдық демалыс/күзгі, қысқы, көктемгі каникул/ кезі жұмыс уақыты болып есептеледі.
 - Педагогикалық кеңес – аптаның бір күннен белгіленіп, бір тоқсанда бір рет өткізіледі.

III. Мектепте мұғалімдер мына ережені ескерулері қажет.

- Сабақ қоңырау соғылғанда басталып, қоңырау соғылғанда аяқталуы тиіс.
- Сабақтың әрбір минуты оқушылардың сапалы ойлауы мен белсенді әрекетін іске асыруға арналуы керек.
- Сабақ барысындағы мұғалімнің жеке қызметі білімдік және тәрбиелік мақсатының орындалуына бағытталады.
- Мұғалім оқушылардың сабаққа дайындалып келуін талап етуі тиіс.
- Мұғалім сабырлы болуы қажет. Сыныпта тәртіп орнатуы үшін мұғалім түрліше әдістемелерді меңгеруі қажет.
- Оқушыларға айқайлауға, оларды балағаттауға жол берілмейді.
- Оқушының тәртібін жақсарту үшін қажет жағдайда психолог маманның көмегіне жүгінуге болады.

- Дәптердің дұрыс, талапқа сай толтырылуы мен жүргізілуін пән мұғалімдері қадағалауы және үнемі тексеріп отыруы тиіс.
- Оқушы мен мұғалім арасындағы сыйластық сақталуы тиіс.
- Тәрбие мен білім берудің басты жетістігі – сапалы кәсіби біліктілік, соған ұмтылып, бірлесіп жұмыс істеу.
- Мұғалімдер мен қызметкерлердің жұмыс тәртібінің сақталуын бақылау және қадағалауды мектеп әкімшілігі мен кәсіподақ ұйымы өз жауапкершілігіне алады.

IV. Педагогтар мен басқада мектеп қызметкерлеріне тиым салынады:

- * Өз мүмкіндігіне қарай сабақ кестесін өзгертуге;
- * Сабақ мерзімін өздігінен ұзартуға, қысқартуға және ауыстыруға;
- * Оқушыларды кабинетте қараусыз қалдыруға немесе шығарып жіберуге;
- * Сабақ уақытысында басқа педагог қызметкерлердің жұмысына кедергі келтіруге;

V. Мұғалімдердің сабақтан тыс уақытта міндетті түрде қатысатын жиналыстарына мыналар жатады:

- Педагогикалық кеңес.
- Директор жанындағы отырыс.
- Әдістемелік кеңес отырысы
- Әдістемелік пәндік бірлестіктің жиналыстары .
- Қоғамдық ұйымдардың жиналысы
- Ашық сабақтар
- Коучингтер мен әдістемелік жиын отырыстары
- Мектепшілік жалпы шаралар мен түрлі пәндік және мерекелік кештер

Ата-аналар міндеті

1. Бала тәрбиесі ата-ананың негізгі міндеті .
2. Мектеп әкімшілігімен , сынып жетекшісімен және мұғалімдерімен жиі байланыста болу. Баласының сабақтарына қатысу.
3. Баланың оқу құралдар мен толық қамтамасыз ету және оқушының мектеп әкімшілігі мен ата –аналар комитеті арқылы келісілген бірыңғай мектеп формасын сақтауын қадағалау.
4. Оқушының таңертең сабаққа таңғы асын ішкізіп сабақтан кешікпеуін қадағалау.
5. Жолдағы жүру ережелерін баланың есіне күнделікті салып отыру.
6. Жыл мезгілдерінің ауа райына байланысты баланың киімдерін ыңғайлы киіндеру.
7. Күн сайын оқушының (баланың) күнделігіне қарау , көңіл бөлу , қол қою.
8. Мектепте мәдени қоғамдық істерге , мәдени іс-шараларға қатысуға
9. Оқушылардың мектеп жарғысын және ішкі тәртіп Ережелерінің орындауды бақылау және жағдай жасау .
10. Мүмкіндегіне қарай мектепке материалдық көмек көрсету.
11. Ата-ана мектеп әкімшілігі мен мұғалімдермен байланыс жасаған уақытта кездескен мән жайға терең түсінік таныта отырып , қатынас жасау.
12. Мұғалімнің ар-ожданына, намысына тіл тигізбеу.
13. Білім беру ұйымдарында ата- ана нәсілдік, діни және халықаралық құқықпен жалпыға бірдей танылған принциптеріне қайшы келетін өзге идеяларды насихаттауға тыйым салынады.

Оқушылар ережесі

Әр оқушы өз бойына Қазақстан Республикасының жас азаматының жоғарғы адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға міндетті;

1. Оқушы сабаққа кешікпеуі, сабақтан себепсіз қалмауы тиіс. Егер де оқушы сабақтан себепсіз қалатын болса, оны анықтамамен дәлелдеуі қажет.
2. Әр оқушы бекітілген мектеп формасының үлгісі бойынша киінуге және сабаққа қажетті оқу-құралдарын үнемі әкелуге, алғашқы әскери дайындық, дене шынықтыру пәндерінің талап етілген киім үлгілерін қатаң түрде сақтауға міндетті.
3. Қыз балалар шаштарын үнемі өріп, беттік бояуларын (косметика) пайдаланбай, мектеп оқушысына сай шаш үлгісін сақтап, бантик тағып жүруі тиіс. Қыз балаларға мектеп ішінде 2,5 -3 см –ден жоғары биік өкшелі аяқ киім киіп, тізеден жоғары юбка киюге тыйым салынады
4. Мектепте ер балалар ұзын шаш қоюға және оқушылар мектеп ішінде (тақия, орамал, телпек) киіп жүруіне тыйым салынады.
5. Мектептегі мұғалімдермен, арнайы келген қонақтармен, техникалық қызметкерлермен таныс болмаса да сәлемдесіп жүруге және барлық уақытта өз ана тілінде сөйлеуге міндетті.
6. Халқымыздың мемлекеттік рәміздерін көздің қарашығындай сақтап, құрметтеп қастерлеу.
7. Оқушы қоғамға кері әсер ететін насихат жұмыстарына араласпауға міндетті.
8. Мектептің қоғамдық-мәдени іс-шараларына, оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымына белсене қатысып, өзінің саналы түрде болашақ мамандығын таңдауға дайындалуы тиіс.
9. 5,6,7,8,10 сыныптардың оқушылары жазғы еңбек практикасына қатысуға міндетті. Еңбек тәрбиесі бойынша тапсырмаларды орындау барысында қауіпсіздік техника ережелерін қатаң сақтауы тиіс. Әр оқушы өрт қауіпсіздігі мен жол ережелерінің қауіпсіздігін сақтауға міндетті.
10. Оқушы мектеп мүлкін бүлдірсе, оны ата-анасы орнына келтіруі тиіс;
11. Мектепте жоғалған немесе ұмытылып кеткен бөгде затты тауып алған кезде кезекші мұғалімге немесе мектеп әкімшілігіне тапсыруы тиіс;
12. Сабақ кезінде мейірбикенің немесе ауысымға жауапты директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының рұқсатынсыз кетуге тыйым салынады.
13. Достарына адал болып, мектеп ұйымының тұтастығын сақтап, оның пайдалы жақтарын дамытуға міндетті.
14. Мектеп қызметкерлері мен ұстаздарға дөрекі сөйлеп, сөз қайтармауы тиіс. Мектеп ішін, мектеп ауласын көгалдандыруға және үнемі тазалығын сақтауға міндетті.
15. Мектеп ішінде, сабақ уақытында ұялы телефондарын пайдалануға тыйым салынады. Ұялы телефондары мен басқа да бағалы заттары жоғалса мұғалім және мектеп әкімшілігі оған жауап бермейді.
16. Сыныпта, отбасында, күнделікті өмірде салауатты өмір салтын қалыптастыру.
17. Оқушы өз ауысымының басталуына 20 минут қалғанда мектепте болуы тиіс.

Қатаң тыйым салынады:

1. Мектептің күнделікті ережесін бұзуға /себепсіз сабаққа кешігу, келмей қалу/
2. Мектепке сай оқушы формасын сақтамауға;
3. Мектеп ішінде, сыныпта тақия, телпек, орамал секілді бас киіммен жүруге
4. Спирттік ішімдіктер, темекі, наша және насыбай қолдануға, шемішке шағуға;
5. Кешкі уақытта (сағ 22.00-ден кейін) қоғамдық орындарда, көшеде жүруге;
6. Басқа оқушылардың денсаулығына зиян келтіретін әрекеттер жасауға;
7. Мектеп оқушылардың бағалы заттардың жоғалуына мектеп әкімшілігі жауап бермейді (ұялы, телефон, құнды заттар, ақша, т.б.);
8. Компьютерлік және құмар ойындары клубтарына баруға
9. Мектепке денсаулыққа зиянды, жанғыш, өткір, кескіш заттарды, газ баллондарын әкелуге.
10. Мектепке ұялы телефон (смартфон) әкелуге және қолдануға
11. Сабақ үстінде, залда қатты сөйлеуге, жүгіруге, сабақтың өтуіне кедергі жасауға

VI. Білім беру ұйымдарына алып кіретін және қолдануға болмайтын заттардың тізімі:

1.Қарулар

- барлық атыс қаруы (пистолет,револьвер, винтовка, шолақ мылтық және т.б.)
- атыс қаруының көшірмесі немесе соған ұқсайтын қару;
- атыс қаруының құрастырушы бөлігі (оптикалық құрылғылар/ көздеуіштерден басқа);
- газды қару;
- пневматикалық тапанша, винтовкалар және шарлы қару;
- сигналды тапанша, ойыншық тапаншалардың барлық түрі;
- шеге қағу мен болттарды ұстататын өндірістік құрылғылар;
- арбалеттер, катапульталар, сүңгілер және найзалы құралдар;
- жануарларды жансыздандыруға арналған құралдар;
- мүйізді малдарды басқаруға арналған естен тандыратын немесе ұрып-соғатын құралдар;
- атыс қаруы түрінде жасалынған тұтатқыштар;
- травматикалық және жарық-дыбыстық патрондарымен ұнғысыз қару;
- электрошокты құрылғылар

2.Қадалғыш/ кескіш қарулар мен өткір заттар

- балталар, сүңгілер мен найзалардың түрлері, мұз шапқыштар;
- жылжымалы немесе лақтыратын жүзі бар кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- металдан немесе басқа да мықты материалдан жасалынған ықтимал қару ретінде ұсталынатын кез-келген ұзындықтағы пышақтар;
- ас үй пышақтары;
- аң аулайтын (аңшылық) пышақтар;
- ашық ұстаралар мен өткір лезвиелер(қауіпті және бір реттік қосымша лезвиесі бар ұстараларды қоса)
- қылыштар мен семсерлер,қылыштың тұтқасы;
- скальпелдер;
- металды жұлдыздар;
- қадалғыш немесе кескіш қару ретінде қолданылатын өнеркәсіптік құрал-жабдықтар, есіктерге арналған темір тескіштер мен бұрғылар;
- тері астына дәрі беретін және тоқитын инелер;
- жүзінің ұзындығы 60мм асатын қайшылар;
- жүзінің ұзындығы 60мм асатын жиналмалы, бүктемелі жолға арналған пышақтар;

VII. Бөгде адамдардың мектеп ғимаратына енуі

1. Мектепте жұмыс жасамайтын бөгде адамдардың ғимаратқа енуі мектеп күзетшісі мен мектеп вахтерының келген адамның мектепке ену мақсатын нақтылап , оның жеке мәліметтерін тіркеу журналына жазып қою арқылы жүзеге асырылады. Олар орындалмаған жағдайда бөгде адамның мектеп ғимаратына енуіне қатаң тыйым салынады.
2. Ғимаратқа енген азамат ғимарат ішіне күмән туғызатын заттарды алып енуге болмайды.
3. Мектеп ғимаратына бөгде адамның енуі кезіндегі жауапкершілікті сол күнгі мектеп кезекшісіне және тиісінше мектеп күзетшісі мен мектеп вахтерына тапсырылсын.
- 4.Ғимаратқа енген азамат өзімен бірге смарт телефон жабдықтарын вахтаға қалдырып кетуі тиіс.

**ӘРБІР МЕКТЕПКЕ КЕЛГЕН АЗАМАТ ПЕН ОҚУШЫ МЕКТЕПТІҢ
ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІНЕ БАҒЫНУҒА МІНДЕТТІ!**